

## Эмиссиясы экологиялық нормалауға жататын ластағыш заттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 25 маусымдағы № 212 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 шілдеде № 23279 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң                    е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қантардағы Экология кодексінің 11-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Эмиссиясы экологиялық нормалауға жататын ластағыш заттардың тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 21 қантардағы № 26 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10302 болып тіркелген).

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 565 бұйрығының 4-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12326 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық реңми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрі

*M. Мирзагалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің

2021 жылғы 25 маусымдағы

№ 212 бүйрекіна

қосымша

## Эмиссиясы экологиялық нормалдауға жататын ластағыш заттардың тізбесін бекіту туралы

### 1. Эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттардың тізбесі

1. Атмосфералық ауаны ластайтын заттар:

- 1) күкірт диоксиді мен күкірттің басқа да қосылыстары;
- 2) азот оксиді мен азоттың басқа да қосылыстары;
- 3) оттегі тотығы;
- 4) ұшпалы органикалық қосылыстар;
- 5) металдар мен олардың қосылыстары;
- 6) тотияйын мен оның қосылыстары;
- 7) цианидтер;
- 8) хлор және оның қосылыстары;
- 9) фтор және оның қосылыстары;
- 10) шекті көмірсугегілер;
- 11) меркаптандар;
- 12) күкіртті сутегі;
- 13) қара көміртегі (күйе);

14) шан-тозаң, соның ішінде құрамында асбест бар (PM2,5, PM10, өлшемді бөлшектері, талшықтары);

15) полихлорлы дibenзодиоксиндер мен полихлорлы дibenзофурандар;

16) елді мекендердің атмосфералық ауасындағы шекті рұқсатты шоғырлануының және қауіпсіз әсер етуінің шамамен алынған деңгейі белгіленген өзге де ластаушы заттар мен олардың қосылыстары.

2. Суды ластайтын заттар:

1) галогендердің органикалық қосылыстары және суда осы қосылыстарды құрауы мүмкін заттар;

- 2) фосфордың органикалық қосылыстары;
- 3) қалайының органикалық қосылыстары;
- 4) металдар мен олардың қосылыстары;
- 5) көмірсугегілер мен олардың қосылыстары;
- 6) цианидтер;
- 7) тотияйын мен оның қосылыстары;

8) шекті рұқсатты шоғырлануының және судағы заттардың шекті болжамды деңгейлері белгіленген пестицидтер (улы химикаттар);

9) өлшемді заттар мен суспензиялар;

10) эвтрофикацияға әсер ететін заттар (нитраттар мен фосфаттар);

- 11) оттегі тенгеріміне қолайсыз әсер ететін заттар;
- 12) мәдени-тұрмыстық, шаруашылық-ауыз су және балық шаруашылығы су пайдалану су объектілеріндегі шекті рұқсатты шоғырлануының және шекті болжамды деңгейлері белгіленген өзге де ластаушы заттар мен олардың қосылыстары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК